

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы « »
№ қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2011 жылғы 1 тамыздағы
№ 891 қаулысымен
бекітілген

Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Ғылым туралы» 2011 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы (бұдан әрі – МҒТС) ұйымдастыруға және жүргізуге байланысты қатынастарды реттейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) өтінім беруші – уәкілетті органда аккредиттелген ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісі немесе ғылыми зерттеулерді іске асыратын дербес білім беру ұйымы және оның тең шарттардағы ұйымдары;

2) тапсырыс беруші – ұйымдастырушымен МҒТС жүргізуді ұйымдастыруға өтеулі шарт жасасқан заңды немесе жеке тұлға;

3) ұйымдастырушы – ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы;

4) баға негізділігін бағалау бойынша сарапшы – шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілген сол мемлекетте тұрақты тұру құқығына құжаты бар Қазақстан Республикасының азаматтарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын, оның ішінде шетелде уақытша жүрген, сұрау салынған соманың негізділігіне баға беру бойынша сараптамалық қорытынды беретін жеке тұлға (ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалардың сұрау салынатын қаржыландыру көлемінің негізділігін бағалау үшін тартылатын сарапшының экономика және бизнес мамандықтарының топтары бойынша жоғары білімі, сондай-ақ мамандығы бойынша кемінде он жыл жұмыс өтілі болуы қажет);

5) шетелдік сарапшы – сараптамалық қорытынды беретін, тиісті біліктілігі, ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі, философия

докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі, мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс өтілі бар жеке тұлға. Ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық жобалар мен бағдарламаларға MFTC үшін тартылатын шетелдік сарапшы – Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын сарапшы, сондай-ақ шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілген осы мемлекетте тұрақты тұру құқығына құжаты бар, мамандығы бойынша Қазақстан Республикасының шегінен тыс шетелдік ғылыми ұйымдарда жұмыс өтілі және жетекші әлемдік ғылыми журналдарда жарияланған ғылыми мақалалары, Web of science және (немесе) Scopus халықаралық деректер базаларына сәйкес соңғы бес жылда рецензияланған ғылыми журналдар бойынша кемінде бес Хирш индексі бар Қазақстан Республикасының азаматы.

Әскери, гуманитарлық, қоғамдық, саяси және әлеуметтік ғылымдар саласында маманданған адамдарға соңғы бес жылда кемінде бес Хирш индексінің болуы жөніндегі талап қолданылмайды;

б) қазақстандық сарапшы – сараптамалық қорытынды беретін, сондай-ақ тиісті біліктілігі, ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі және мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс өтілі бар жеке тұлға. Ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық жобалар мен бағдарламалар MFTC үшін тартылатын қазақстандық сарапшы – шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілген осы мемлекетте тұрақты тұру құқығына құжаты бар Қазақстан Республикасының азаматтарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын, оның ішінде шетелде уақытша жүрген немесе одан тыс жерлерде Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметінде жүрген академиялық ғылыми журналдарда жарияланған ғылыми мақалалары бар, Web of Science және (немесе) Scopus деректерінің халықаралық базасына сәйкес кемінде екі Хирш индексі бар сарапшы.

Әскери, гуманитарлық, қоғамдық, саяси және әлеуметтік ғылымдар саласында маманданған адамдарға кемінде екі Хирш индексінің болуы жөніндегі талап қолданылмайды;

7) сараптамалық қорытынды – сарапшы жасайтын және ол жүргізген сараптама нәтижелері, алдына қойылған мәселелер бойынша оның қорытындылары, MFTC объектісінің объективті және тапсырыс беруші мен ұйымдастырушының мүдделеріне тәуелсіз талдамалық бағалау туралы мәліметтерді қамтитын құжат;

8) кешенді сараптама – білімнің әртүрлі салаларындағы немесе білімнің бір саласының әртүрлі ғылыми бағыттарындағы мамандар болып табылатын қазақстандық сарапшылар тобының бірлескен жұмысын ұйымдастыру жолымен өткізілетін сараптама, оның нәтижесі түсініктемелері мен бағалау өлшемшарттары бойынша балдары келісілген сараптамалық қорытынды болып табылады;

9) комиссиялық сараптама – бір ғылыми бағыт шегіндегі мамандар болып табылатын қазақстандық сарапшылар тобының бірлескен жұмысын

ұйымдастыру жолымен өткізілетін сараптама, оның нәтижесі түсініктемелері мен бағалау өлшемшарттары бойынша балдары келісілген сараптамалық қорытынды болып табылады;

10) МҒТС қорытындысы – ұйымдастырушының МҒТС объектісі бойынша бағалаудың әрбір өлшемшарты бойынша балдарды жинақтау негізінде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысанда жасаған ресми қорытындысы;

11) ғылыми этиканың бұзылу фактілері – плагиат, деректерді бұрмалау, ойдан шығару, жалған тең авторлық, өтінімдерде өзгелердің нәтижелерін иемдену, қаржыландырудың бір көзінің шеңберінде өтінім берушінің ғылыми жобаны және (немесе) бағдарламаны түрлі бағыттарға жолдауы, МҒТС объектісін өтінім берушінің қайталауы, сондай-ақ зерттеу объектілері (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері) мен зерттеушілердің құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғауды қоса алғанда, ғылыми-зерттеу нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесіндегі өзге де бұзушылықтар;

12) жеке тіркеу нөмірі (бұдан әрі – ЖТН) – бюджет қаражаты есебінен гранттық немесе бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға өтінім беруші ұсынған МҒТС объектісінің жеке тіркеу нөмірі (ЖТН алу үшін конкурс жарияланған кезден бастап тапсырыс беруші өтінім қабылдайтын соңғы мерзімге дейін гранттық немесе бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурсқа қатысушылар объектілерді ұйымдастырушының интернет-ресурсында тіркейді);

13) шекті балл – ғылыми зерттеулерді гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде өтінімдер үшін кемінде 21 балды құрайтын МҒТС балы.

3. МҒТС сараптамалық қорытындылардың тәуелсіздігі, объективтілігі, құзыреттілігі, кешенділігі, дұрыстығы, толықтығы және негізділігі қағидаттарында ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық жобалар мен бағдарламалардың талдамалық бағасын дайындау мақсатында жүзеге асырылады.

4. МҒТС объектілері:

1) ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық жобалар мен бағдарламалар;

2) ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлықты алу үшін ұсынылған ғылыми-зерттеу жұмыстары;

3) бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберіндегі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет туралы аралық есептер;

4) гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберіндегі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет туралы қорытынды есептер болып табылады.

5. Ұйымдастырушы мемлекеттік бюджеттен қаржыландыруға ұсынылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларға,

сондай-ақ тапсырыс берушінің өтініші бойынша МФТС-ның өзге де объектілеріне МФТС жүргізу бойынша жұмыстарды жүзеге асырады.

6. Мемлекеттік бюджеттен қаржыландыруға жататын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалардың МФТС құзыретті шетелдік және (немесе) қазақстандық сарапшылар жүргізеді.

7. Ұйымдастырушы МФТС объектілері сараптамасының нәтижелері әкімшілендірілуінің, тәуелсіздігінің, айқындылығының және жариялылығының біртұтастығын қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

8. Мыналар МФТС-ның негізгі міндеттері болып табылады:

1) ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық жобалар мен бағдарламалардың ғылыми, техникалық және технологиялық білімнің әлемдік деңгейіне, ғылыми-техникалық прогрестің үрдістері мен басымдықтарына сәйкестігін бағалау;

2) жоспарланатын операциялар арқылы ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық жобалар мен бағдарламалардың мақсаттарына қол жеткізу мүмкіндіктерін, еңбек, материалдық ресурстардың болжамды шығындарының қажеттілігі мен жеткіліктілігін бағалау;

3) ғылыми зерттеулерді жүргізуді мазмұндық, ұйымдастырушылық, материалдық, ақпараттық қамтамасыз ету бойынша ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық жобалар мен бағдарламаларды (есептерді) іске асыру нәтижелерін объективті және кешенді қарау, алынған нәтижелерді мәлімделген мақсаттармен салыстыру;

4) МФТС объектілерінің маңыздылығын бағалау;

5) ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық жобалар мен бағдарламаларды іске асыру үшін өтінім беруші сұрау салған қаржыландыру көлемінің негізділігін бағалау.

9. Мыналар МФТС жүргізу қағидаттары болып табылады:

1) сарапшылардың тәуелсіздігі, анонимділігі және құзыреттілігі;

2) МФТС объектілерін зерттеудің ғылыми тәсілі, жан-жақтылығы, объективтілігі;

3) сараптамалық қорытындылардың толықтығы мен негізділігі;

4) МФТС нәтижелерінің жариялылығы.

2-тарау. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу тәртібі

10. Тапсырыс беруші ұйымдастырушыға «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы № 575 қаулысымен бекітілген Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидасына қосымшаға сәйкес нысан бойынша

заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес бюджет қаражаты есебінен гранттық немесе бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға ұсынылған МҒТС объектілеріне және өзге де МҒТС объектілеріне МҒТС жүргізу үшін конкурса өтінімдер қабылдаудың соңғы мерзімі аяқталғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде өтінім береді. Тапсырыс беруші сондай-ақ бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде ұсынылған МҒТС объектілері үшін жүргізілетін ғылыми зерттеулердің нәтижелілігі мониторингінің индикаторлары мен жетекші сұрақтарын көрсете отырып, қосымша бағалау өлшемшарттарының тізбесін ұсынады.

Тапсырыс берушіден өтінім түскен күннен бастап ұйымдастырушы өтінімдерді мынадай талаптардың сақталуы тұрғысынан тексереді:

1) гранттық немесе бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға ұсынылған МҒТС объектісінде ЖТН болуы;

2) өтінімді ресімдеудің конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келуі;

3) талап етілген құжаттардың толық көлемде конкурстық құжаттама қосымшаларына сәйкес ұсынылуы;

4) плагиат, МҒТС объектісі тақырыбының немесе мазмұнының МҒТС-ға бұрын немесе бір уақытта берілген объектілерімен қайталану фактілерінің болмауы;

5) гранттық немесе бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурса қатысушының ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісін аккредиттеу туралы куәлігінің болуы;

6) этика және биоэтика мәселелері бойынша орталық немесе жергілікті комиссиялардың оң қорытындысының (адамдарға және жануарларға жүргізілетін биомедициналық зерттеулер үшін) болуы;

7) ғылыми жетекшінің конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келуі.

Ұйымдастырушы өтінімдер келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде осы тармақта көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін МҒТС объектілерін тапсырыс берушіге МҒТС жүргізбей қайтарады.

Тапсырыс беруші МҒТС объектілерін өтінім берушіге қайтарады және ұйымдастырушы қайтарған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде қайтарылған МҒТС объектілерінің тізбесін өз интернет-ресурсында жариялайды.

Осы тармақта көрсетілген талаптарға сәйкес келетін МҒТС объектілері тапсырыс берушіден өтінім түскен күннен бастап он бес жұмыс күні өткен соң МҒТС жүргізуге жатады.

11. Ұйымдастырушы:

1) МҒТС жүргізу жөніндегі жұмысты МҒТС-ның әрбір объектісін кемінде үш сарапшыға МҒТС жүргізу үшін жолдау арқылы не МҒТС объектісіне байланысты комиссиялық (кешенді) сараптама жүргізу арқылы ұйымдастырады;

2) МҒТС жүргізу үшін қазақстандық және (немесе) шетелдік сарапшылардың құрамын олардың мамандануы мен МҒТС объектілерінің ерекшеліктеріне сәйкес сапалы және объективті іріктеуді қамтамасыз етеді;

3) мыналарды:

3-1) конкурс шеңберінде және конкурстан тыс рәсімдерде ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық жобалар мен бағдарламаларға МҒТС жүргізу үшін екі шетелдік сарапшыны және бір қазақстандық сарапшыны іріктейді (МҒТС объектісін зерттеу саласы бойынша осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін қазақстандық сарапшылар дәлелді себеппен болмаған жағдайда, үшінші шетелдік сарапшы тартылады);

3-2) ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру шеңберінде жобаның (жобалардың) қорытынды есебіне (есептеріне), бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша бағдарламалардың аралық және қорытынды есептеріне МҒТС жүргізу үшін үш қазақстандық сарапшыны іріктейді не комиссиялық (кешенді) сараптама арқылы жүргізеді (есептерді зерттеу саласы бойынша осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін бір не екі не үш қазақстандық сарапшы дәлелді себеппен болмаған жағдайда, тиісінше бір не екі не үш шетелдік сарапшы тартылады);

3-3) ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлықты алу үшін ұсынылған жұмыстарға МҒТС жүргізу үшін үш қазақстандық сарапшыны іріктейді (ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлықты алу үшін ұсынылған жұмыстарды зерттеу саласы бойынша осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін бір не екі не үш қазақстандық сарапшы дәлелді себеппен болмаған жағдайда, тиісінше бір не екі не үш шетелдік сарапшы тартылады);

3-4) мемлекеттік құпияларды құрайтын және қызмет бабында пайдалануға арналған мәліметтерді қамтитын ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларға МҒТС жүргізу үшін үш қазақстандық сарапшыны іріктейді не комиссиялық және (немесе) кешенді сараптама Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасының талаптары сақтала отырып жүргізіледі (сарапшылар құрамын іріктеу Хирш индексі ескерілместен, мемлекеттік құпияларды құрайтын жобалармен және бағдарламалармен жұмыс істеуге тиісті рұқсаты бар қазақстандық сарапшылар қатарынан жүзеге асырылады);

3-5) ғылымның ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс саласындағы басым бағыты бойынша ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларға МҒТС жүргізу үшін үш қазақстандық сарапшыны іріктейді не комиссиялық және (немесе) кешенді сараптама арқылы жүргізіледі;

3-6) жобалар мен бағдарламаларды қаржыландырудың сұрау салынған көлемінің негізділігін бағалау үшін бір сарапшыны іріктейді;

4) МҒТС объектілерінің электронды нұсқаларының деректер банкін және мемлекеттік бюджет қаражатынан қаржыландыруға ұсынылған, МҒТС жүргізу үшін тапсырыс берушіден келіп түскен МҒТС объектілері бойынша деректер базасын қалыптастырады;

5) МҒТС-ны әдістемелік және ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді, оның ішінде қазақстандық және шетелдік сарапшылардың

автоматтандырылған деректер базаларын құру және МФТС жүргізу бойынша қызметтер көрсету туралы сарапшылармен шарт жасасу арқылы қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

Шетелдік сарапшылардың дерекқорын құру үшін сарапшыларды іріктеу жетекші әлемдік библиометрикалық дерекқорларды пайдалану арқылы немесе жетекші әлемдік университеттер мен ғылыми ұйымдардың немесе МФТС объектісінің тақырыбына сәйкес келетін ғылыми зерттеулер бойынша әлемдік жетекші ғылыми журналдарда жарияланымдары бар сарапшылардың ұсынымдары бойынша жүргізіледі.

Сарапшымен жасалған шарт сараптаманы жүргізу мерзімі, МФТС объектілері туралы мәліметтердің құпиялылығы туралы, сарапшының ғылыми этика қағидаттары мен нормаларын сақтау шарттарын қамтуы және сарапшы туралы мәліметтің құпиялылығына кепілдік беруі тиіс.

Шарттың сарапшының бастамасымен дәлелді себептерсіз бұзылғаны туралы мәліметтер қазақстандық және шетелдік сарапшылардың автоматтандырылған дерекқорына енгізіледі.

Сарапшы шарт талаптарын және (немесе) осы Қағидаларда белгіленген МФТС жүргізу қағидаттарын бұзған жағдайда, ұйымдастырушы оны автоматтандырылған дерекқордан шығарады.

12. МФТС ұйымдастыру және жүргізу мынадай кезеңдерді қамтиды:

1) сарапшыларды іріктеу және олармен МФТС жүргізу бойынша қызметтер көрсету туралы шарт жасасу – он бес жұмыс күнінен аспайды;

2) МФТС жүргізу – сарапшымен шарт жасасқан күннен бастап жиырма бес жұмыс күнінен аспайды;

3) сұрау салынған қаржыландыру көлемінің негізділігін бағалау – МФТС аяқталғаннан кейін он екі жұмыс күнінен аспайды.

Ұйымдастырушы әрбір кезеңнің аяқталғаны туралы ақпаратты ол аяқталғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде өз интернет-ресурсында жариялайды.

Мемлекеттік құпияларды құрайтын және қызмет бабында пайдалануға арналған мәліметтерді қамтитын ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларға сараптама ұйымдастыру және жүргізу Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасының талаптары сақтала отырып жүргізіледі. Сарапшылар құрамын іріктеу Хирш индексі ескерілместен, мемлекеттік құпияларды құрайтын жобалармен және бағдарламалармен жұмыс істеуге тиісті рұқсаты бар қазақстандық сарапшылар қатарынан жүзеге асырылады.

13. Өтінімдер бойынша сұрау салынған қаржыландыру көлемінің негізділігін бағалау балл қоймастан осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

МФТС объектісі бойынша сараптамалық қорытынды МФТС объектісіне байланысты осы Қағидаларға 3, 4, 5, 6 немесе 7-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша жасалады.

Сараптамалық қорытындыда сарапшы осы Қағидаларға 8-қосымшада көрсетілген бағалау жүйесіне сәйкес әрбір бағалау өлшемшарты бойынша балл қояды. Ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық жобалар мен бағдарламалар бойынша қосымша бағалау өлшемшарттарын тапсырыс берушінің ұсынысы бойынша ұйымдастырушы белгілейді.

МҒТС объектісіне кешенді (комиссиялық) сараптама жүргізілген кезде сараптамалық топ құрылады. Сараптамалық топ мүшелерінің арасынан төраға сайланады және сараптамалық топ отырысының хатшысы анықталады. Сараптамалық топтың отырысы күндізгі нысанда және (немесе) онлайн-конференция арқылы өткізіледі. Сараптама үшін ұсынылған материалдардың көлеміне байланысты кешенді (комиссиялық) сараптама кемінде үш және он бестен аспайтын сарапшылардың қатысуымен өткізіледі. МҒТС объектісінің кешенді (комиссиялық) сараптамасының нәтижелері бойынша МҒТС объектісіне байланысты осы Қағидаларға 5 немесе 6-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша сараптамалық қорытынды жасалады.

14. Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ тапсырыс берушінің өтініші бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға ұсынылған МҒТС объектілерінің МҒТС нәтижесі МҒТС қорытындылары болып табылады.

Ұйымдастырушы мәлімделген қаржыландыру сомасын көрсете отырып, МҒТС нәтижелерінің негізінде гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру конкурсына ұсынылған және Қазақстан Республикасы Үкіметінің нысаналы ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаларды конкурстық рәсімдерден тыс қаржыландыру туралы шешімі бойынша конкурстық рәсімдерден тыс ұсынылған өтінімдердің сараланған тізімін ерікті нысанда жасайды.

Ұйымдастырушы МҒТС шекті балынан төмен балл жинаған өтінімдер бойынша өтініш берушілерге (ғылыми жетекшілерге) МҒТС аяқталғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде ұйымдастырушының интернет-ресурсы арқылы МҒТС нәтижелерін (МҒТС балын көрсете отырып) қайтарады.

МҒТС шекті балын және одан жоғары балл алған өтінімдер сұрау салынған қаржыландыру көлемінің негізділігін бағалау үшін МҒТС нәтижелерімен (МҒТС балын көрсетпей) бірге сарапшыға МҒТС аяқталғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жіберіледі.

Сұрау салынған қаржыландыру көлемінің негізділігін бағалау нәтижелері МҒТС нәтижелерімен бірге (МҒТС балын көрсетпей) тиісті ұлттық ғылыми кеңестерге (бұдан әрі – ҰҒК) екі жұмыс күні ішінде жолданады.

ҰҒК өтінімдерді қарауды аяқтағаннан кейін ұйымдастырушы әрбір өтінім үшін МҒТС қорытындысына сәйкес балл мен ҰҒК айқындаған бағалау парағының балын қосу арқылы жалпы балды айқындайды.

Ұйымдастырушы әрбір басым бағыт бойынша ең жоғары балдан бастап «жоғарыдан төмен» өтінімдердің сараланған тізімін жасайды және оны екі жұмыс күні ішінде шешім қабылдау үшін тиісті ҰҒК-ге жолдайды.

Ұйымдастырушы МҒТС нәтижелерін ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлықты алу үшін ұсынылған ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша тапсырыс берушіге жолдайды.

Ұйымдастырушы бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет туралы аралық есептер және гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет туралы қорытынды есептер бойынша МҒТС нәтижелерін тиісті ҰҒК-ге жолдайды.

15. Ұйымдастырушы өзінің интернет-ресурсында:

1) ЖТН-ны, гранттық немесе бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру конкурсы шеңберінде МҒТС өткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен аталған конкурс аясында МҒТС-ның шекті балынан төмен балл алған МҒТС объектілері бойынша МҒТС қорытындысы негізіндегі қорытынды балдарды;

2) мемлекеттік құпиялар қамтылған және қызмет бабында пайдалану үшін объектілерге МҒТС жүргізу үшін тартылған қазақстандық сарапшыларға қатысты ақпаратты қоспағанда, жыл сайын жылдың соңында ұйымдар мен елдер бойынша Хирштің орташа индексі көрсете отырып, МҒТС жүргізу үшін тартылған қазақстандық және шетелдік сарапшыларды тарту туралы жалпы талдауды жариялайды.

16. Ұйымдастырушыға және сарапшыға тапсырыс берушінің, өтінім берушінің және өзге де адамдардың қысым не өзге де ықпал көрсетуіне жол берілмейді.

17. МҒТС объектісі МҒТС-ға ұсынылған сәттен бастап ҰҒК қарағанға дейін өтініш берушілер, ғылыми жетекшілер және (немесе) сарапшылар:

1) ғылыми этиканың, биоэтика нормаларының (адамдарды және жануарларды биомедициналық зерттеу үшін) бұзылу фактілеріне ден қояды, мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу шараларын қабылдайды;

2) объективті, толық және нақтыланған мәліметтерді ұсынады;

3) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің процесі мен нәтижелерін бұрмаламайды;

4) басқа тұлғалардың зияткерлік меншік құқықтарын бұзуға немесе басқа да ғылыми-зерттеу қызметіне зиян келтіруге әкеп соғатын әрекет (әрекетсіздік) жасамайды.

Сарапшы мынадай жағдайларда:

1) өтінімнің мақұлданыуы немесе қабылданбауы нәтижесіне өзі жеке немесе қаржылық жағынан мүдделі болғанда;

2) соңғы үш жылдағы тең авторлықты, өтінімді дайындау кезінде тікелей қатысуды, зерттеу нәтижелері бойынша бірлескен жарияланымдарды жоспарлауды және осы нәтижелерді соңғы үш жыл ішінде қолдануды қоса

алғанда, ғылыми жобаның және (немесе) бағдарламаның орындаушысымен бірлескен жарияланымдары болғанда;

3) соңғы үш жыл ішінде ғылыми жоба және (немесе) бағдарлама орындаушысына тікелей жетекшілік жасағанда, оған бағынысты болғанда немесе консультациялық қызметтер көрсеткенде;

4) ғылыми жоба және (немесе) бағдарлама орындаушысымен некеде (ерлі-зайыптылықта) немесе жақын туысы болып табылғанда;

5) ғылыми жоба және (немесе) бағдарлама орындаушысының ата-анасының, жұбайының (зайыбының) жақын туысы болып табылғанда;

6) ҰҒК мүшесі болып табылғанда, нақты ғылыми жобаға және (немесе) бағдарламаға МФТС жүргізбейді.

Осы Қағидалардың 2-тармағының 11) тармақшасында белгіленген ғылыми этиканы бұзу фактілеріне жол берілмейді. Ғылыми этиканы бұзу фактілері болған жағдайда дәлелдер, негіздемелер келтірілуі, оның ішінде техникалық құралдарды қолдану және мамандануы МФТС объектілеріне сәйкес келетін тәуелсіз мамандарды тарту арқылы келтірілуі тиіс.

Мемлекеттік ғылыми-техникалық
сараптаманы ұйымдастыру
және жүргізу қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманың қорытындысы

(МҒТС объектісінің ЖТН мен атауы)

P/c №	Бағалау өлшемшарттарының атауы	Орташа балл (0-ден 9-ға дейін)	Барлық сарапшылардың жетекші сұрақтарға жауаптарымен қоса түсініктемелері		
			1-сарапшы	2-сарапшы	3-сарапшы
1.					
2.					
3.					
4.					
5.					
МҒТС орташа балы:					

Ұйымдастырушы _____
ҰҒК-ға беру күні _____

Мемлекеттік ғылыми-техникалық
сараптаманы ұйымдастыру
және жүргізу қағидаларына
2-қосымша

Нысан

Гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде сұрау салынған
соманың негізділігін бағалау бойынша сарапшының қорытындысы, теңге

(MFTC объектісінің ЖТН мен атауы)

P/c №	Шығыс бабының атауы	Сұрау салынған сома	MFTC сарапшыларының позициясы негізіндегі шығыстардың құны			Соманың негізділігі бойынша сарапшының пікірі (100-150 сөз)
			1-сарапшы*	2-сарапшы*	3-сарапшы*	
1	2	3	4	5	6	7
1	Еңбекақы төлеу**					
2	Қызметтік іссапарлар **					
3	Өзге де көрсетілетін қызметтер мен жұмыстар**					
4	Материалдар сатып алу**					
5	Құрал-жабдықтар және (немесе) бағдарламалық қамтылымды сатып алу (заңды тұлғалар үшін)**					
6	Ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу**					
7	Үй-жайларды жалға алу**					

1	2	3	4	5	6	7
8	Құрал-жабдық пен техниканы жалға алу**					
9	Құрал-жабдық пен техниканы пайдалану шығыстары**					
10	Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер**					
11	Сұрау салынған соманың негізділігін бағалау бойынша сарапшы ұсынатын жобаларды немесе бағдарламаларды қаржыландыруға қорытынды сома					

Сұрау салынған соманың негізділігін бағалау бойынша сарапшының Т.А.Ә. (болған жағдайда)_____

* - 4, 5, 6-бағандар осы Қағидалардың 3 және 4-қосымшаларына сәйкес МФТС сараптамалық қорытындыларында келтірілген МФТС сарапшылар позициясының негізінде толтырылады.

** - баға негізіндегі шығыстар құны (бағалау жүргізу сәтінде)

Гранттық қаржыландыру шеңберіндегі өтінімге сараптамалық қорытынды

(МҒТС объектісінің ЖТН мен атауы)

P/c №	Бағалау өлшемшарттарының атауы	Сарап- шының бағасы	Сарапшының жетекші сұрақтарға жауаптарымен қоса түсініктемелері	Өлшем- шарт бойынша балл
1.	Зерттеу жоспарының инновациялылығы (0-ден 9 балға дейін)		<p>(150 сөзден артық емес)</p> <p>Өтінім беруші ұсынған зерттеу жоспарының инновациялылығын негіздеуге арналған ақпарат осы өлшемшарт бойынша өтінімді бағалау үшін жеткілікті ме?</p> <p>Өтінім берушінің зерттеу жоспарының инновациялылығы туралы дәлелдері қаншалықты негізделген әрі сенімді?</p> <p>Өтінім берушінің зерттеу жоспарының инновациялылығы негіздемесінің сапасы туралы сарапшының басқа да түсініктемелері</p> <p>(300 сөзден артық емес)</p> <p>Зерттеуден күтілетін нәтижелер қаншалықты жаңа болып табылады? Жоба шеңберінде зерттелетін ғылыми және (немесе) әдіснамалық проблемалық салалар қаншалықты жаңа болып табылады?</p> <p>Зерттеу жоспары шеңберінде өтінім берушінің қолданатын әдістері мен тәсілдері қаншалықты жаңа болып табылады? Олар қаншалықты заманауи және өзекті болып табылады?</p> <p>Зерттеуден күтілетін нәтижелер жаһандық және салалық аспектілерде қаншалықты маңызды болып табылады?</p>	<p>(0-ден 3 балға дейін)</p> <p>(0-ден 6 балға дейін)</p>

			Сарапшының зерттеу жоспарының инновациялылығы туралы басқа да түсініктемелері.	
2.	Зерттеу жоспарының сапасы және іске асырылуы, ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық жобаларды/бағдарламаларды іске асырудың салдарын/нәтижелерін болжау сапасы (0-ден 9 балға дейін)		<p>(150 сөзден артық емес)</p> <p>Зерттеу проблемасы қаншалықты негізделген? Өтінім беруші зерттеу жоспарының мақсатын, мәселелерін, гипотезалары мен болжамдарын қаншалықты түсінікті жасаған? Гипотезалар (болжамдар) ғылыми болып табыла ма?</p>	(0-ден 3 балға дейін)
			<p>(250 сөзден артық емес)</p> <p>Зерттеуде қолданылған әдістер қаншалықты негізделген?</p> <p>Пайдаланылатын әдістер мен тәсілдер алға қойылған мақсаттарға, міндеттерге, гипотезаларға және күтілетін нәтижелерге қаншалықты сәйкес келеді?</p> <p>Өтінім берушінің бастапқы деректерді жинау тәсілдері және олардың дереккөздері қаншалықты нақты? Өтінім берушінің зерттеу мәселелері мен деректерді жинау әдістері арасында келісім бар ма? Алынған деректерді кейіннен статистикалық өңдеуге арналған эксперименттер қаншалықты дұрыс жоспарланған?</p> <p>Өтінім беруші плагиатқа, деректердің ойдан шығарылуы мен бұрмалануына, жалған тең авторлыққа және нәтижелерді иемденіп алуға жол бермеуге қатысты мәселелерді қаншалықты тиімді шешетін болады?</p> <p>Өтінім беруші адамдар мен жануарлардың қатысуымен жүргізілетін эксперименттік зерттеулерге қатысты этикалық мәселелерді қаншалықты пысықтаған? Өтінім беруші тиісті нормаларды сапалы деңгейде қаншалықты сақтаған?</p> <p>Сарапшының зерттеулерге ұсынылған әдістер мен тәсілдерінің сапасы және олардың мақсаттары, міндеттері мен күтілетін нәтижелеріне сәйкестігі, жалпы алғанда сапасы мен зерттеу жоспарына байланысты басқа да түсініктемелері.</p>	(0-ден 3 балға дейін)

		<p>(250 сөзден артық емес)</p> <p>Зерттеу жоспарының мақсаттары, гипотезалары мен күтілетін нәтижелері қаншалықты шынайы? Орындалатын жұмыстың ресурстары, орындалу мерзімі және мазмұны қаншалықты зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне, әдіснамалары мен күтілетін нәтижелеріне сәйкес келеді?</p> <p>Зерттеуді табысты аяқтау үшін қандай тәуекелдер бар? Олардың дәрежесі қандай, өтінім беруші тәуекелдерге ден қою мәселелерін қаншалықты пысықтаған?</p> <p>Жобаны іске асырудың баламалы жолдары мен тәсілдері бар ма? Өтінім беруші ұсынған зерттеу жоспарының баламалы нұсқалармен салыстырғанда қандай артықшылықтары бар?</p> <p>Өтінім берушінің жариялауды жоспарлап отырған мақалаларының саны қаншалықты негізделген болып табылады? Библиографиялық қорлардың бірінші кварталдеріндегі жетекші ғылыми журналдарға зерттеулер нәтижелерін жариялау қаншалықты мүмкін?</p> <p>Ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық жобаларды іске асырудың салдарын/нәтижелерін болжау. Жобаларды іске асырудың ғылыми-техникалық, әлеуметтік-экономикалық, экологиялық салдары/нәтижелері. Серпінді ғылыми және ғылыми-техникалық нәтижелерге қол жеткізу үшін мүмкіндіктері. Осы саланы қозғайтын жобалар үшін экологиялық таза, қауіпсіз технологиялар негізінде экологиялық жағдайды жақсартып, экологиялық проблемаларды шешу үшін негіз қалыптастыру.</p> <p>Сарапшының зерттеу жоспарының іске асырылуы туралы басқа түсініктемелері.</p>	(0-ден 3 балға дейін)
3.	Күтілетін нәтижелердің маңызы мен қолайлылығы (0-ден 9 балға дейін)	<p>(150 сөзден артық емес)</p> <p>Күтілетін нәтижелердің маңыздылығы қаншалықты айқын және толық тұжырымдалған? Өтінім берушінің күтілетін нәтижелердің маңыздылығы туралы пікірі қаншалықты нақты және негізделген болып табылады?</p>	(0-ден 3 балға дейін)

